

Ақтөбе облысының Алға ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Алға аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 30 мамырдағы № 232 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Алға аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 19 маусымда № 3-3-163 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3 бабының 7 тармағына, 6 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Алға ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысының Алға ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қауылының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Алға ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 504 "Алға ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4696 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 01 ақпанда жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Алға аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Алға ауданының әділет басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Т. Бисеновке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Ақтөбе облысының жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
30 мамыр 2018 ж.

А. К. Османғалиев

Алға ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 30
мамырдағы № 232 қаулысына қосымша

**Алға ауданы бойынша жалпы ортақ пайдаланатын аудандық маңызы бар жалпы
пайдаланымдағы автомобиль жолдарының атаулары, индекстері мен тізбесі**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің
21.02.2024 № 39 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік
он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Автомобиль жолдары индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KD-AL-19	Алға-Қарабұлақ	40
2	KD-AL-20	" Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқ ұдық" - Әскери бөлімше	12,5
3	KD-AL-21	Алға-Самбай-" Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқ ұдық" - Әскери бөлімше	39,3
4	KD-AL-22	Алға – Тоқмансай	51,32
5	KD-AL-23	" Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқ ұдық" - Амангелді- " Алға-Қарабұлақ"	40,8
6	KD-AL-24	" Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқ ұ д ы қ " – " Тікқайын-Көктоғай- " Самара-Шымкент"	22,1
7	KD-AL-25	"Есет Батыр Көкіұлы мемориалы" - Бесқоспа	5
8	KD-AL-26	Үшкұдық – Қаракұдық	8,5
9	KD-AL-27	Тамды ауылына кіреберіс	0,83
10	KD-AL-28	Талдысай ауылына кіреберіс	5,8
11	KD-AL-29	Еркінкүш ауылына кіреберіс	5,185
12	KD-AL-30	Ақай ауылына кіреберіс	13,815
13	KD-AL-31	Есет Батыр Көкіұлы мемориалына кіреберіс	4,26
14	KD-AL-32	Жерұйық ауылына кіреберіс	4,6

15	KD-AL-33	Болгарка ауылына кіреберіс	1,6
16	KD-AL-34	Қарақұдық ауылына кіреберіс	8,4
17	KD-AL-35	Қайындысай ауылына кіреберіс	1
18	KD-AL-36	Маржанбұлақ ауылына кіреберіс	0,66
19	KD-AL-37	Нұрбұлақ ауылына кіреберіс	0,6
БАРЛЫҒЫ:			266,27

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК